

АННОТАЦИЯ

«Э.А. По және А. П. Чехов әңгімелерін қытай тіліне аударудағы прагматикалық адаптация стратегиясы» атты диссертацияға философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін 8D02302 – «Аударматану (Батыс тілдері)» мамандығы бойынша Шань Шиго

Көркем аударма мәдениетаралық коммуникацияда маңызды рөл атқарады, өйткені ол түпнұсқа мәтіннің мазмұнын ғана емес, сонымен қатар оның эмоциялық-эстетикалық әсерін де жеткізуді қамтамасыз етеді. А.П. Чехов пен Э.А. По әңгімелері әлемдік әдебиетте ерекше орын алады және нәзік психологиялық талдаудың, өзіндік баяндау тәсілінің және терең мәдени символиканың көрнекті үлгілері болып табылады. Олардың шығармаларын қытай тіліне аудару барысында аудармашы жасырын мағыналарды, мәдени шартталған бейнелерді, иронияны, эмоционалдық шиеленісті және авторлық стильді дәл жеткізу қажеттілігімен бетпе-бет келеді. Алайда аталған әңгімелердің бар қытайша аудармалары көркемдік бейнелілік пен түпнұсқаның прагматикалық әсерін сақтау дәрежесі бойынша айырмашылықтарға ие, бұл тиімдірек аударма стратегияларын іздеудің өзектілігін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, прагматикалық бейімдеу стратегиясын қолдану көркем аударманы оқырман қабылдауындағы эквиваленттілікке қол жеткізу мақсатында тілдік, мәдени және интерпретациялық шешімдерді саналы іріктеу мен үйлестіру үдерісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің өзектілігі. А.П. Чехов пен Э.А. По шығармашылығы әлемдік әдебиетте маңызды орын алады және XX–XXI ғасырлардағы қытай әдебиетінің қалыптасуына айтарлықтай ықпал етті. Әңгіме жанры, бұл авторлар ең жоғары көркемдік шеберлікке жеткен сала ретінде, ирония, психологизм, жасырын мағына, мәдени символдар және жеке авторлық стиль өзара тоғысатын күрделі көркем-коммуникативтік феномен болып табылады. Алайда бұл элементтер қытай тіліне аудару барысында елеулі трансформацияға ұшырайды, сондықтан түпнұсқаның прагматикалық әсерін сақтау мәселесі ерекше өзектілікке ие.

А.П. Чехов пен Э.А. По шығармаларының Қытайда аударылу тарихы ұзақ болғанына қарамастан, жүргізілген талдау аударма стратегиялары көбіне формалдық эквивалентке немесе мағынаны шамадан тыс үйірсектеуге (доместикация) негізделетінін көрсетеді. Нәтижесінде авторлық астарлы ой, көркем ишаралар жүйесі және түпнұсқаның эмоционалды-психологиялық әсері әлсірейді. Сонымен бірге қытай аударматануында автордың коммуникативтік ниеті, контекст, оқырманның қабылдау ерекшеліктері және аудармашының әрекеті арасындағы байланысты ескеруге мүмкіндік беретін прагматикалық бейімдеу моделін қолдану жеткілікті дәрежеде әзірленбеген.

Соңғы онжылдықтарда қытай әдебиеттануында көркем мәтінді көпдеңгейлі талдауға және оқырман қабылдауының эквиваленттілігіне қол жеткізу жолдарын іздеуге қызығушылықтың артуы зерттеудің өзектілігін одан әрі күшейтеді. Осыған байланысты Jef Verschueren ұсынған прагматикалық бейімдеу теориясын А.П. Чехов пен Э.А. По әңгімелерін аудару тәжірибесіне енгізу аударма

шешімдерін кешенді талдауға және көркем мағынаны жеткізудің әдіснамалық тұрғыдан негізделген стратегиясын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Осылайша, зерттеудің өзектілігі А.П. Чехов пен Э.А. По шағын прозасын қытай тіліне аудару барысында прагматикалық бейімдеу стратегиясын әзірлеу және оның тиімділігін тәжірибе жүзінде тексеру қажеттілігімен айқындалады. Бұл көркем аударманың дәлдігін, бейнелілігін және мәдени мағыналылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу нысаны.

А. П. Чеховтың «Қаптағы адам», «Хамелеон», «Ванька» және «Толстый и тонкий» атты әңгімелері, сондай-ақ Э. А. Поның «The Black Cat», «The Tell-Tale Heart», «The Fall of the House of Usher» және «The Masque of the Red Death» атты әңгімелері және олардың Қытай тіліндегі әртүрлі әдеби рецепция кезеңдеріне жататын аудармалық нұсқалары болып табылады.

А. П. Чехов шығармаларының аудармалары келесі нұсқаларда қарастырылады:

Жу Лун жасаған және 1950–1960 жылдары жарияланған аудармалар — түпнұсқаға мағыналық дәлдікке басымдық беретін тура (буквалистік) аударма стратегиясымен ерекшеленеді;

Шэнь Няньцзюй жасаған 1980-жылдардағы аудармалар — академиялық эквиваленттілікке және авторлық стильді барынша қалпына келтіруге ұмтылысымен сипатталады;

Гу Гуанмэй ұсынған 2000–2010 жылдардағы аудармалар — кең, соның ішінде жас оқырман аудиториясына бағытталған, мәтін мазмұнын қолжетімді және жеңіл қабылданатын тілде жеткізуімен ерекшеленеді.

Э. А. По шығармаларының аудармалары келесі нұсқаларда талданады:

Цзяо Цзюин жасаған және 1930–1940 жылдары жарық көрген аудармалар — тура аудармаға бейім, сондай-ақ ерте рецепция кезеңінің тілдік және стильдік ерекшеліктерін сақтайды;

Чэнь Ляньтин ұсынған 1980-жылдардағы аудармалар — қытай оқырманының қабылдауын жеңілдету үшін доместикация стратегиясын қолдануымен ерекшеленеді;

Цао Минлун жасаған 2000-жылдардағы аудармалар — семантикалық әрі стильдік дәлдік деңгейінің жоғары болуымен, сондай-ақ түпнұсқа поэтикасындағы нәзік реңктерді жеткізуге ұмтылуымен сипатталады.

Зерттеудің міндеттері мыналар болып табылады:

1. А.П. Чехов пен Э.А. По әңгімелерінің Қытайда қабылдануы мен аударылу тарихын талдау;

2. «Прагматикалық бейімдеу» ұғымының мазмұнын көркем аудармаға қатысты нақтылау және оның теориялық негіздерін анықтау;

3. Прагматикалық бейімдеудің төрт деңгейлі моделін әзірлеу;

4. А.П. Чехов пен Э.А. По әңгімелерінің әр түрлі кезеңдерде жасалған қытайша аудармаларын салыстырмалы талдау арқылы қолданылған аудармашылық стратегиялардың ерекшеліктерін айқындау;

5. Прагматикалық бейімдеу моделін аудармаларды оңтайландыру арқылы практикалық тұрғыда сынақтан өткізу;

6. Оңтайландырылған аудармалардың нәтижелерін модельдің тиімділігін дәлелдеу мақсатында сауалнама және NLPiR құралдары арқылы бағалау.

Зерттеу нысаны – А.П. Чехов пен Э.А. По әңгімелері және олардың Қытайда әртүрлі тарихи кезеңдерде жасалған қытай тіліндегі аударма нұсқалары. Бұл аудармалар орыс және америкалық әдебиеттің Қытай мәдени кеңістігінде қабылдануы мен интерпретациясының әртүрлі сатыларын көрсетеді.

Зерттеу пәні – А.П. Чехов пен Э.А. По әңгімелерін қытай тіліне аудару барысында прагматикалық бейімдеу стратегиясын қолдану ерекшеліктері және бұл стратегияның дәстүрлі аударма тәсілдерімен салыстырғандағы тиімділігі. Зерттеу пәні ретінде мәдени тұрғыдан таңбаланған лексикалық бірліктердің, бейнелік жүйенің, психологиялық баяндау мәнерінің және түпнұсқа стилінің берілуіндегі айырмашылықтар, сондай-ақ аудармаларды қабылдауға қатысты оқырман реакциялары мен NLPiR-master құралдары арқылы алынған тілдік-статистикалық деректер қарастырылады.

Зерттеу материалы мен дереккөздері:

Зерттеу материалын А.П. Чехов пен Э.А. По әңгімелері және олардың әр түрлі тарихи кезеңдерде қытай тіліне жасалған аудармалары құрайды. Талдау барысында әңгімелердің түпнұсқа мәтіндерімен қатар А.П. Чехов шығармаларының аудармалары ретінде Жу Лун, Шэнь Няньцзюй және Гу Гуанмэй нұсқалары, ал Э.А. По шығармаларының аудармалары ретінде Цао Минлун, Чэнь Лянтин және Цзяо Цзюйин нұсқалары пайдаланылды. Зерттеудің теориялық негізін Jef Verschueren ұсынған прагматикалық бейімдеу тұжырымдамасы құрайды.

Зерттеу гипотезасы:

А.П. Чехов пен Э.А. По әңгімелерін қытай тіліне аудару үдерісінде прагматикалық бейімдеу стратегиясын қолдану мәтіннің мағыналық дәлдігін, стильдік бейнелілігін және оқырман қабылдауының үйлесімділігін дәстүрлі аударма тәсілдерімен салыстырғанда неғұрлым жоғары деңгейде қамтамасыз етеді деген тұжырым жасалады. Ұсынылған төрт деңгейлі бейімдеу моделі (контекстуалдық бейімдеу, тілдік–құрылымдық бейімдеу, динамикалық бейімдеу және аудармашының саналы ұстанымын реттеу) әдіснамалық тұрғыдан тұтас және тәжірибелік тұрғыдан қолдануға қолайлы болып табылады. Бұл модельді қолдану аударма сапасын арттыруға мүмкіндік береді, ал оның тиімділігі оқыrmандық сауалнама нәтижелері және NLPiR құралдары арқылы алынған лингвистикалық деректермен дәлелденеді. Зерттеу гипотезасы:

А.П. Чехов пен Э.А. По әңгімелерін қытай тіліне аудару үдерісінде прагматикалық бейімдеу стратегиясын қолдану мәтіннің мағыналық дәлдігін, стильдік бейнелілігін және оқырман қабылдауының үйлесімділігін дәстүрлі аударма тәсілдерімен салыстырғанда неғұрлым жоғары деңгейде қамтамасыз етеді деген тұжырым жасалады. Ұсынылған төрт деңгейлі бейімдеу моделі (контекстуалдық бейімдеу, тілдік–құрылымдық бейімдеу, динамикалық бейімдеу және аудармашының саналы ұстанымын реттеу) әдіснамалық тұрғыдан тұтас және тәжірибелік тұрғыдан қолдануға қолайлы болып табылады. Бұл модельді қолдану аударма сапасын арттыруға мүмкіндік береді, ал оның тиімділігі

оқырмандық сауалнама нәтижелері және NLPiR құралдары арқылы алынған лингвистикалық деректермен дәлелденеді.

Зерттеу әдістері.

Ғылыми әдебиеттерді талдау – А.П. Чехов пен Э.А. По шығармаларының Қытайдағы қабылдану және аударылу тарихын жүйелеу, сондай-ақ прагматикалық бейімдеу стратегиясының теориялық негіздерін айқындау үшін.

Кейс-талдау әдісі – әртүрлі аударма нұсқаларындағы нақты аудармашылық шешімдерді қарастыру және прагматикалық бейімдеудің іске асу тетіктерін анықтау үшін.

Аудармаларды салыстырмалы талдау – түпнұсқа мәтіннің прагматикалық әлеуетін қытай тіліндегі аудармаларда беру тәсілдерін салыстыру және аудармашылық стратегиялар арасындағы айырмашылықтарды бағалау үшін.

Мақсатты аудитория тұрғысынан талдау – аударманы қабылдау ерекшеліктерін және түпнұсқа мәтіні мен оның аудармасы арасындағы қабылдау эквиваленттілігінің деңгейін анықтау үшін.

Нәтижелерді верификациялау үшін қолданылған әдістер:

- Сауалнама жүргізу – оқырмандардың аударманы қалай қабылдайтыны туралы деректер алу үшін;
- NLPiR лингвистикалық талдау құралдары – аудармалардың лексикалық-стильдік параметрлерін объективті сандық бағалау үшін.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы төмендегідей тұжырымдалады:

Біріншіден, алғаш рет А.П. Чехов пен Э.А. По әңгімелерінің Қытайда әртүрлі тарихи кезеңдерде жасалған қытайша аудармалары кешенді түрде салыстырмалы талдаудан өтті. Бұл қадам қытай мәдени кеңістігіндегі қабылдау мен аудармашылық интерпретацияның тұрақты модельдерін анықтауға мүмкіндік берді.

Екіншіден, зерттеу жұмысы барысында Jef Verschueren ұсынған бейімдеу теориясын көркем аудармаға қолдану механизмдерін нақтылайтын прагматикалық бейімдеудің төрт деңгейлі моделі ғылыми тұрғыда әзірленіп, негізделді. Бұл модель контекстуалдық бейімдеу, тілдік құрылымдарды бейімдеу, динамикалық бейімдеу және аудармашының саналы ұстанымын реттеу деңгейлерін қамтиды.

Үшіншіден, ұсынылған модельдің практикалық тиімділігі алғаш рет оптимизацияланған аударма нұсқаларында дәлелденді. Бұл тиімділік оқырмандарға жүргізілген сауалнама нәтижелерімен де, NLPiR-master құралын қолдану арқылы жасалған сандық лингвистикалық талдау нәтижелерімен де расталды.

Төртіншіден, зерттеу нәтижелері теориялық модельдеу, аудармашылық тәжірибе және эмпирикалық тексерудің өзара ықпалдастығының жүзеге асу мүмкіндігін көрсетіп, прагматикалық бағытталған аударматану әдіснамасының әлеуетін кеңейтеді.

Зерттеудің ғылыми-тәжірибелік маңыздылығы мынада:

Бұл зерттеу көркем аудармаға қатысты Jef Verschueren ұсынған прагматикалық бейімдеу стратегиясын нақтылау және дамытуға бағытталған. Жұмыста ұсынылған төрт деңгейлі бейімдеу моделі қазіргі аударматану

теориясының түсіндіру әлеуетін кеңейтіп, мәдени жүктемесі бар бірліктерді, ирониялық интонацияны және психологиялық баяндауды аудару үдерісін жүйелі түрде талдауға мүмкіндік береді.

Модельдің практикалық құндылығы оңтайландырылған аударма нұсқаларымен дәлелденді. Бұл нұсқалар оқырмандарға жүргізілген сауалнама нәтижелері және NLPiR-master құралын қолдану арқылы жасалған сандық-лингвистикалық талдаулар негізінде жоғары бағаланды. Аталған нәтижелер модельдің түпнұсқа мен аударма арасындағы қабылдау эквиваленттілігіне қол жеткізуде тиімді екенін көрсетеді.

Алынған нәтижелер келесі салаларда қолданылуы мүмкін:

- аудармашыларды даярлау және кәсіби оқытуда;
- көркем аудармаға арналған оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуде;
- аударылған мәтіндерді редакциялау тәжірибесінде;
- мәдени таңбалануы жоғары мәтіндер үшін аударма стратегияларын таңдауда.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар:

Прагматикалық бейімдеу стратегиясы көркем аудармада тіл, контекст және оқырман қабылдауының өзара байланысын ескеруге мүмкіндік беретін әдістемелік тәсіл болып табылады.

Төрт деңгейлі модель (контекстуалдық, тілдік-құрылымдық, динамикалық бейімдеу және аудармашының саналы позициясы) көркем бейнелілікті, психологиялық әсерді және мәдени мәндерді дәл жеткізуге жағдай жасайды.

А. П. Чехов пен Э. А. По әңгімелерінің қытайша аудармаларын салыстыру дәстүрлі аударма әдістері мәдени және прагматикалық ақпараттың бұрмалануына жиі әкелетінін көрсетті, ал прагматикалық бейімдеу мағыналық жоғалтуды азайтып, интерпретациялық дәлдікті арттырады.

Прагматикалық бейімдеу негізінде жасалған оңтайландырылған аудармалар оқырман қабылдауы бойынша қолданыстағы нұсқалардан жоғары нәтиже көрсетті (сауалнама деректерімен расталды).

NLPiR-master құралымен жүргізілген сандық-лингвистикалық талдау ұсынылған модельдің тиімділігін объективті дәлелдеп, аударма мәтіндерінің лексикалық-стилистикалық сапасының және ақпараттық энтропиясының жақсарғанын көрсетті.

Жұмыстың апробациясы. Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері автордың төрт жарияланымында көрініс тапты. Олардың ішінде: Scopus деректер базасына енген ғылыми журналда жарияланған бір мақала (бірінші автор ретінде); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (КОКСОН) ұсынған тізімге енгізілген басылымдарда жарияланған үш мақала (бірінші автор ретінде). Аталған жарияланымдар алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін және практикалық маңыздылығын растайды.

Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған дереккөздер тізімінен тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі 245 бет.